


Маңғыстау облысы  
Мұнайлы ауданы  
№3 “Ер Төстік” балабақшасы




Тәрбиеші: Умбетова Жамила Балапановна



**Менің ұстанымым:** Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса ол нағыз ұстаз.  
(Ы.

## **Педагогикалық негізгі қағидаларым:**

1. Тәрбиешінің білім қорының толық, нақты болуы және өз білімін үнемі толықтырып отыруы;
  2. Өз іс-әрекетінің нәтижесі мен оқу-тәрбие процесін зертеп, анықтау;
  3. Тәрбиеленушінің өз интуициясымен қызықтыра білу қабілетін ояту;
  4. Оқытуда, тәрбиелеуде зияткерлік іс-әрекетін ұйымдастыру;
  5. Балаға деген сүйіспеншілік, олардың ата-анасына деген жағымды көзқарас.
- 

Тәрбиеші болсаң аянба, бүлдіршініңді аяла.  
Ұстазбын - тәрбиешімін - жетекшімін - бала жанын  
түсінуші - жаңа технологиялық ақпаратты  
енгізуші, ізденушімін .

Шығармашылық жұмыс тақырыбым:

## « Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындар »



# Мақсаты:

Балабақшада ұлттық ойындардың әртүрлі ойын элементтері арқылы бүлдіршіндердің ой-өрісін, шығармашылық және интеллектуалдық қабілетін ұштау, білімдерін дамыту.

**«Бұлақты көрсең, көзін аш»**

**Халық даналығы**



## Ж О С П А Р

Ойын – балалардың ойлау қабілетін  
арттыратын  
іс- әрекет.


Балалабақшадағы балалардың жас  
ерекшелігіне сай ұлттық ойындарды  
ойнату.


Ұлттық ойындар арқылы ұлт  
мәдениетіне тәрбиелеу.

Эксперимент бөлімі.

**Қорытынды.**


**Ұсыныс - пікірлер**





Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын,  
қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең,  
алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз,  
ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-  
ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы,  
парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі



## “Балалықтың қанына ойын азық”

С.Торайғыров

**Ойын** – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс –әрекеті.

Ойын баламен мәңгілік өмір сүреді. Баланың өмірін қозғалыссыз елестете алмайсың. Сондықтан ұлттық ойындар балалардың қозғалу белсенділігінің дамуы, олардың денсаулығының күшеюі үшін қолайлы жағдай жасайды, сондықтан, ойын – баланың өмірінің нәрі деп білеміз.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев:

«Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Халық арасында « Денсаулық – зор байлық » деп тегін айтылмаған. Бұл арқылы халық даналығы тіршіліктің негізгі көзі осы денсаулық екенін тағы ескертеді. Адамның денсаулығы жас кезінде бастап қалыптасуы керек. Демек, кезінде ойындарды көп ойнап, жүгіріп, таза ауада жүру жас организмнің дұрыс та сергек өсуінің көзі. Онымен бірге бүлдіршіндер ойын ойнаған кезде көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағыт алады.

# *Ойын мазмұны мен түріне қарай*

Қимыл –  
қозғалыс ойыны

Мазмұнды – бейнелі  
ойындары

Құрылыс ойындары

Дидактикалық  
ойындар





Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі - **Халықтың ұлттық ойындары** көп салалы, көп қырлы құбылыс. Ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да мектепке дейінгі тәрбиеленушілерінің рухани өрісі кең өсіп – жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі **Ұлттық ойындар** – ата-бабамыздың бізге жеткен, өткені мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны күнделікті оқу –тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы зор екендігі сөзсіз.





Бала өмірінің нәрі,  
яғни рухани және  
табиғи жетілуінің,  
өсуінің алғы шарты




Көңілді боп жақсы  
дем алады, денесі  
қимылдап, бойы  
сергиді.



Ақыл-ойын  
дамытатын, ойдан -  
ойға жетелейтін,  
қиял мен қанат  
бітіреді



Білім-білік  
дағдысын  
қалыптас-  
тыратын тәрбие  
құралы





GA-SEBE.RU

**Ұлттық ойын**

# Ұлттық ойын түрлері

- 1) Табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындар: асық, бестас, лек жалау, сиқырлы таяқ, бақай пісті жылмаң



- 2) Жануарлар бейнесін елестетіп ойнайтын ойындар: соқыр теке, түйе-түйе, ақ байпақ

- 3) Құрал-жабдықсыз ойнайтын ойындар: айгөлек, ақсерек-көксерек, шымбике, тоқтымақ, шертпек, жасырынбақ



- 4) Мүлікті бұйымдарды қолдана ойнайтын ойындар: шалма, бөрік жасырмақ, тақия телпек, түйілген орамал, орамал тастау, белбеу тастау



Фольклор танушы ғалым **Ә. Диваев** «қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде адамдардың жас ерекшеліктерін **үш топқа** бөледі және соның негізінде ұлттық ойындарды жас ерекшеліктеріне сай бөліп қарастырады






**Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың мына пікірін еске ала  
кетейік:**

«Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған».

**Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үдерісінде пайдалануға ұсыныс жасайды.**



• **Ұлттық ойын арқылы**

- Шығармашы-лық ойлау қабілетін дамыту
  - Тіл байлығын дамыту
  - Актерлік шеберлігін дамыту
  - Балаларда шашандық,
  - ептілікті дамыту
- 

# Эксперименттік бөлім

**Топтық  
жұмыстар**

**“Күн мен түн”,  
“Сақина салу”,  
“Ақ сандық,  
көк сандық”, “Ұшты-  
ұшты”, “Со-қыр  
теке”,  
“Санамақтар”.**

**Табиғатты  
бақылау**

**“Арқан тартыс”,  
“Асық ойнау”,  
“Ақ серек-  
көк серек”, “Ақ  
сүйек”.**

**Сайыстар**


**“Хан талапай»,  
“Аударыспақ”  
“Теңге алу”, “Қыз  
қуу”, “Бес тас”.**





## Орта тобы

### “Ақ серек көк серек” ойыны



**Қатысқаны-25**

**15 бала-жоғары -60%**

**6 бала-орташа-24%**

**4 бала-төмен-16%**


Ұлттық ойындарды осылай бүлдіршіндерге қолдану нәтижесінде мынадай жетістіктерге жетіп, мақтау қағаздарымен марапатталып жүрмін.

## Қорытынды

Қорыта келгенде, ойын балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп-өркендей алмайды. Бұл - өмірдің заңдылығы Қазіргі таңда біздің

« Ер Төстік » шағын орталығы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында көрсетілгендей, балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға орай жаңа технологиямен жұмыс істеп жатқандықтан, сабақтар ойын арқылы өтеді.

Әр бала зерттелмеген құпия, әр бала – болашақ данышпан дегендей болашақта бүлдіршіндеріміздің данышпан болуы үшін бойына ұлттық сананы, дәстүрді ойын арқылы сіңіртеп, тәрбиелеуім керек деген мақсатты алдыма қойып, мынадай ұсыныс-пікірімді білдіргім келеді: Қазіргі технологияның қарқынды дамыған заманында балабақша сабақтары яғни, тіл дамыту, көркем әдебиет, математика, дене шынықтыру оқу іс – әрекеттерінде ұлттық ойындардың элементтерін қосып сабақтар өткізу және Мектепке дейінгі ұйымдардың жылдық жоспарларына ұлттық ойындарды енгізу.



**Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің  
қарашығындай бағып жүретін, көптің  
көкейіне үміт отын жағып жүретін,  
адамзаттың озық ой көгінде ағып  
жүретіндей болуы тиіс.**

**Н.Ә. Назарбаев.**



**Назарларыңызға  
рахмет!**

